

**«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК
(бұдан әрі- Кәсіпорын) 2025 жылдың 4 тоқсанына атқарылған
жұмыстар және алға қарай жасалатын «Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау» мақсатында
қызметкерлермен өткізген жиналыстың
ТҮСІНДІРМЕ ХАТТАМАСЫ**

Атырау қалысы

15 желтоқсан 2025 жыл

Өткізілген орны: Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК (бұдан әрі- Кәсіпорын).

Өткізілген уақыты: 15.12.2025жыл, жергілікті 14:00-де.

Жиналысты жүргізген - Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының комплаенс офицер – А.Уразимбетова.

Қатысқандар: Заңгер-кеңесші – Д.Абдрахманова, персоналды басқару қызмет басшысы м.а. – С.Казиханова, және Кәсіпорынның ішкі талдау жұмысы тобының мүшелері, бөлім меңгерушілері, дәрігерлер, орта буын мед қызметкерлер - 47 адам;

Күн тәртібінде

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама
талаптарын сақтау» мақсатында «Атырау облыстық
фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі- Кәсіпорын)
2025 жылдың 4 тоқсанына атқарылған іс-шаралардың орындалысы
және алға қарай жасалатын жұмыстар туралы**
(комплаенс офицер Уразимбетова А.К.)

Кәсіпорында 4-ші тоқсан қорытындысымен «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын –алу шаралары туралы».

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысы Қ.Абдалиевтың 17.03.2025ж № 86н/қ бұйрығымен бекітілен «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы» және Атырау облыс әкімі аппарат басшысы Н.Жеңісбекұлымен бекітілген 2025 ж арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл және алдын алу» № 4 үлгілік базалық бағыттың жүзеге асырылуы туралы іс- шараларға сәйкес 2025 жылдың 2- ші жарты жылдық қорытындысы бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу 2026 жылдың қаңтар-ақпан айына жоспарланды.

Айта кету керек, Кәсіпорын басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жұмыс тобын құру туралы» 19 маусымдағы № 134 н/қ бұйрығына сәйкес, 01.07.-31.07.2025 жыл аралығында Атырау облысы фтизиопульмонология орталығы (бұдан әрі-Кәсіпорын)-ның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Талдау кезеңі 05.01.2025-30.06.2025 ж Талдау қорытындысымен талдамалық анықтама жасақталып, анықталған заң бұзушылықтарға сәйкес, орын алған бұзушылықтарды жою туралы іс-шаралар жоспары жасақталды. Орындалысы қадағаланып, бірқатар жұмыстар атқарылды.

Бұдан басқа, Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының 2024 жылғы 19 ақпандағы № 70 бұйрығымен бекітілген Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК (бұдан әрі –Кәсіпорын) 2024-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын заң бұзушылықтар көріністерінің алдын алу туралы іс – шараларды орындау мақсатында 3 семинар, бөлімшелерде 2 кездесу, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Заң талаптарының орындалысы бойынша « Сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесетін іс – шаралар қабылдап отыру», азаматтардан түскен өтініштерді мерзімінде тіркеп, өтініштерге заңға сәйкес жауап беруді назарда ұстау; Осылайша, тоқсандарда бұйрықпен белгіленген кестеге сәйкес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» кәсіпорын қызметінде ішкі талдау жүргізу, және анықталған бұзушылықтарды жою шараларын алуды ұсынды.

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын –алуда қызметкерлерге семинар өткізуді және ғимарат ішінде халық көп жиналатын орындарда сыбайластың тәуекелдеріне тап болған кезде кімге, қайда хабарласу қажеттігі туралы баннер 5 қабатты ғимараттың 1-ші қатардан яғни науқастарды қабылдайтын бөлімшенің дәлізіне қойылған. Әр қабат бойынша азаматтардың арыз-шағымдарын тіркейтін ящик қойылған.

Бұдан басқа, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөнідегі Іс-қимыл жоспарының 35-тармағы 2-тармақшасы сәйкес, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің келісімімен бекітілген (Агенттік Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285) бұйрығы, «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРДЫ» кәсіпорын басшылығымен бекітіп мекеменің сайтында орналастырылды. Осы бағытта түсінік жұмыстарыда жүргізілді.

Атап айтқанда: әр тарау бойынша 1) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін картаға түсіру және Сыбайлас жемқорлық картограммалары;

- 2) Мүдделер қақтығысын болдырмау;
- 3)Қаржылық бақылау шаралары;
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- 5) Мемлекеттік органдар мен ұйымдарды есеп беруі мен ашықтығы;
- 6)Қызметкерлерді басқару үдерістерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;

7) Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;

Квазимемлекеттік және жеке секторларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;

Осы нұсқаулыпен 1-2 қосымшалары туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

2025 жыл қорытындысы есептері тапсырылды. Басшы, және оның орынбасарының (адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жаағаны туралды) мәліметі туралы анықтама жолданды.

Комплаенс офицер Уразимбетова А.К. «ISO 37001 халықаралық стандартына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмен және комплаенс» курсы бойынша оқу бағдарламасын өткендігі туралы 13.11.2023ж № АК 1524/01 сертификаты бар. 2025 жылы біліктілік арттыруа курсынан өткен жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, ішкі комплаенс бақылау жүйесін жетілдіру және қызметтік міндеттерді сапалы орындау мақсатында 2026 жылға біліктілікті арттыру «Антикоррупциялық комплаенс-офицер (квазимемлекеттік секторда)» оқу курсына, оқу көлемі: 72/120 сағат оқуға өтініш білдірдім.

Комплаенс офицер:



А.Уразимбетова